

**"Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" және "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамдарының кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 мамырдағы N 362 Қаулысы.

**Қолданушылар назарына: Қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

**1. (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.11.12. N 1048 Қаулысымен).**

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

**1) Құші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 602 қаулысымен.**

2) "Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 145 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж. N 7, 73-құжат):

1-тармақтың бірінші абзацындағы "акционерлік қоғамдар" деген сөздердің алдынан "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" және "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамдарынан басқа," деген сөздермен толықтырылсын.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 602 қаулысымен.**

3. Осы қаулы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы N 50 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы N 117 қаулысының 8-тармағы орындалғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі